

**«Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымының Басқарушы кеңесінің 2018 жылғы 27 наурыздағы шешімімен бекітілген Сатып алу саясаты мен рәсімдерінің 5-тарауы «Сенімсіз өнім берушілер тізбесін қалыптастыру және жүргізу рәсімі»**

**5. СЕНІМСІЗ ӨНІМ БЕРУШІЛЕР ТІЗБЕСІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖӘНЕ ЖҮРГІЗУ РӘСІМІ**

1) Сенімсіз өнім берушілердің тізбесін жүргізу мақсаты тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді жүзеге асыру кезінде қолайлы бәсекеге қабілетті ортаны құру үшін сенімсіз өнім берушілер тізбесіндегі сенімсіз әлеуетті өнім берушіні (өнім берушіні) Университет және оның ұйымдары жүргізетін сатып алуларға қатысуға уақытша шектеу болып табылады.

2) Тізбе электронды түрде ЖБД-да қалыптастырылады және жүргізіледі. сенімсіз өнім берушілер тізбесінің нысанын ЖБД-ның басшысы анықтайды.

3) Әлеуетті өнім берушілер (өнім берушілер) әлеуетті өнім берушіні (өнім берушіні) сенімсіз өнім берушілер тізбесіне енгізуге бастамашылық еткен тапсырыс берушінің/құрылымдық бөлімшенің ақпараты мен растайтын құжаттарының негізінде Университеттің лауазымдық тұлғасының шешімі бойынша сенімсіз өнім берушілердің тізбесіне енгізіледі.

4) Тапсырыс берушілер/бастамашы ұсынған сенімсіз әлеуетті өнім берушілер (өнім берушілер) туралы материалдар ЖБД-да сақталады.

5) Әлеуетті өнім берушіні (өнім берушіні) Сенімсіз өнім берушілердің тізбесіне енгізу үшін негіз болып табылатындар:

сатып алу құжаттарында көзделген талаптар бойынша анық емес ақпаратты беру;

сатып алудың жеңімпазы деп танылған жағдайда сатып алу туралы шартты жасасудан жалтару, атап айтқанда егер әлеуетті өнім беруші тапсырыс берушінің қолы қойылған сатып алу туралы шарт жобасы берілген күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде шарт жобасына қол қоймаса;

егер өнім беруші сатып алу туралы шартты жасасқан күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде сатып алу туралы шарттың құнынан 3 (үш) пайыз мөлшерінде сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізбесе;

сатып алу туралы шарттың талаптарын орындамауға немесе тиісінше орындамауға байланысты сатып алу туралы шартты сот шешімі бойынша бұзу;

өнім берушінің шарт бойынша міндеттемелерді орындамауы тапсырыс берушіге нақты келтіргенде немесе оқу бағдарламаларының, ғылыми зерттеулердің, шарттар бойынша міндеттемелердің мерзімін бұзғанда, Тапсырыс берушінің сатып алу туралы шартты бір жақты тәртіппен бұзуы.

6) ЖБД сенімсіз өнім берушілердің тізбесіне өнім берушіні енгізуге бастамашы болып табылған жағдайларды қоспағанда, сенімсіз өнім берушілер тізбесіне енгізу негіздерін растайтын материалдарды ЖБК енгізеді.

7) Сенімсіз өнім берушілердің тізбесіне енгізу үшін ұсынылған материалдар өнім берушіні сенімсіз өнім берушілердің тізбесіне енгізу қажеттілігіне алып келген жағдаяттардың толық сипаттамасын, сондай-ақ өнім берушіні сенімсіз өнім берушілердің тізбесіне енгізу қажеттілігі туралы бастамашының құжат көшірмелері, шоттардан үзінді көшірмелері мен басқа материалдар түріндегі растайтын дәлелдерін қамтуы тиіс.

8) Материалдар мынадай тізбе бойынша ұсынылуы тиіс:

заңды тұлға үшін бизнес сәйкестендіру нөмірі, жеке тұлға үшін жеке сәйкестендіру нөмірі;

сатып алудың тиісті тәсілі бойынша құжаттарды растайтын көшірмелері қоса берілген материалдар;

әлеуетті өнім беруші (өнім беруші) сатып алу құжаттарында (болған кезде) көзделген талаптар бойынша анық емес ақпаратты ұсынғанын растайтын құжаттар;

әлеуетті өнім берушінің шартты (болған кезде) жасасудан бас тарту хаты;

тапсырыс берушінің/бастамашының шартты жасасу мәселесі туралы әлеуетті өнім берушімен хат алмасуы;

тапсырыс беруші/бастамашы тарапынан қол қойылған, өнім берушіге (болған кезде) қол қоюға жіберілген сатып алу туралы шарт жобасы;

өнім берушіден сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз ету ретінде шартта белгіленген мерзімде (болған кезде) есеп шотқа ақша түсімінің болмағаны туралы тапсырыс берушінің/бастамашының бірінші басшысының немесе басқа да уәкілетті тұлғасының және/немесе бас бухгалтерінің қолы қойылған анықтама;

сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз ету мәселесі бойынша тапсырыс берушінің/бастамашының өнім берушімен хат алмасуы (болған кезде);

сатып алу туралы шарттың талаптарын тиісінше орындамағанын растайтын құжаттар;

заңды күшіне енген сот шешімдерінің көшірмелері;

әлеуетті өнім берушінің (өнім берушінің) сенімсіздік фактісін растайтын басқа да құжаттар.

9) ЖБД әлеуетті өнім берушіні (өнім берушіні) Тізбеге енгізу үшін тапсырыс берушіден/бастамашыдан материалдарды алған күнінен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде оларда негіздемелердің толықтығы мен бар болуын тексереді.

10) ЖБД материалдарды қарау нәтижелері бойынша әлеуетті өнім берушіні (өнім берушіні) Тізбеге енгізу туралы шешім жобасын қалыптастырады және сатып алу саласында үйлестіру мен бақылауға өкілетті басшыға шешім қабылдау үшін жібереді.

11) Бастамашы ұсынған материалдарды қарау барысында ЖБД бастамашылардың және/немесе өнім берушілердің қатысуымен кездесулер өткізуге, өнім берушілер ұсынған қосымша материалдарды қарауға құқылы.

12) Бастамашыға қосымша құжаттарды немесе түсіндіруді ұсыну туралы сұрау жіберілген жағдайда материалдарды қарау мерзімі қосымша құжаттарды түсіндірулерді алу мерзіміне сәйкес ұзартылады.

13) ЖБД әлеуетті өнім берушіні (өнім берушіні) Тізбеге енгізу қажеттілігін растайтын құжаттар және/немесе түсіндірулер жетіспеген жағдайда материалдарды бастамашыға қайтарады.

14) Тізбе Университеттің интернет-ресурсында және/немесе ЭСП-да орналастырылады.

15) Әлеуетті өнім беруші (өнім беруші) Тізбеге енгізілген күннен бастап 1 (бір) жыл өткен соң автоматты түрде Тізбеден шығарылады.

16) Әлеуетті өнім беруші (өнім беруші) әлеуетті өнім берушіні (өнім берушіні) сенімсіз деп тану және оны Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Тізбеге енгізу туралы шешімге шағым жасауға құқылы.

---